

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне машина жасауды дамыту және көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 24 маусымдағы № 324-VIII ҚРЗ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 97-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін құруды (әзірлеуді), дамытуды, сүйемелдеуді, оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық және консультациялық сүйемелдеуді мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор жүзеге асырады.";

2) 105-баптың 1-тармағының 8-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-3) өнеркәсіптік кластерлерді дамытуды жүзеге асырады;"

3) 283-баптың 3-тармағының екінші бөлігі "ескеріле отырып" деген сөздерден кейін ", ал өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері үшін "Өнеркәсіптік саясат туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын өндірістік қуаттар теңгерімін бағалау да ескеріле отырып" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 386-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы:

"сәйкес" деген сөзден кейін "кәдеге жарату төлеміне" деген сөздермен толықтырылсын;

"шотына" деген сөзден кейін "берілген өтінім негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "Осы баптың" деген сөздер "Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, осы баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Кодекстің 388-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен шарт жасасқан өндірушілердің кәдеге жарату төлемін енгізу жөніндегі міндеттемелері қарсы талаптар болған кезде есепке жатқызу арқылы тоқтатылады.";

2) 389-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) артық және (немесе) қате төленген сомалар фактілері расталған жағдайда, артық және (немесе) қате төленген сомаларды өндірушілердің (импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері операторы белгілеген тәртіппен өндірушілердің (импорттаушылардың) жолданымдары алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өндірушілердің (импорттаушылардың) жолданымдары негізінде қайтару.

Кәдеге жарату төлемінің барлық асып кеткен сомасы қайтарылуға тиіс;"

3) 2-қосымшаның 2-бөлімі мынадай мазмұндағы 7.19-тармақпен толықтырылсын:

"7.19. катафорез технологиясы бойынша лак-бояу материалдарын жағу."

3. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-2-баппен толықтырылсын:

"2-2-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы көлігінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қызметінің негіздерін айқындау.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу;

2) экономика мен халықтың тасымалдарға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарына және олармен байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

3) көлік саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

4) тасымалдаудың бүкіл кезеңінде жүктердің, багаждың және пошта жөнелтілімдерінің сақталуы;

5) Қазақстан Республикасының көлік кешенінің жұмысын үйлестіру және қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру;

6) қатынас жолдарын техникалық жабуды ұйымдастыру.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;

3) тасымалдардың қауіпсіздігі және техникалық талаптар мен пайдалану талаптарының сақталуы;

4) көлік қатынастарына барлық қатысушының теңдігі;

5) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.";

3) 6-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

4. "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

екінші абзац "қызметтің түрі" деген сөздерден кейін "(жеке тұлғалар лизинг алушылар болып саналатын жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны берілетін лизинг нысанасы құнының тоқсан пайызынан асады.

Жеке тұлғалармен лизингті және лизинг мәмілелерін жүзеге асыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді;"

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) жеке тұлғаларға арналған лизинг – инвестициялық қызметпен байланысты емес қаржы лизингінің бір түрі, бұл ретте лизинг алушы болып лизинг нысанасын жеке пайдалану немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін сатып алатын жеке тұлға әрекет етеді.";

3) 4-бапта:

1-тармақтағы "Үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар", "заттар –" деген сөздер тиісінше "Ғимараттар, құрылысжайлар, машиналар, жабдық, мүкәммал", "заттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне сәйкес көлік құралының типін мақұлдау негізінде айналымға шығарылатын, оның ішінде бұрын жасалған лизинг шарттары бойынша лизинг нысанасы болып саналатын M1, N1 санатындағы автокөлік құралдары ғана жеке тұлғалармен жасалатын лизинг шарттары бойынша лизинг нысанасы бола алады. Көлік құралының типін мақұлдау туралы мәліметтер көлік құралының электрондық паспортында және мүдделі тұлға алатын, жеке тұлғаға лизингке беруге болжанатын көлік құралының электрондық паспортынан үзінді көшірмеде міндетті түрде көрсетілуге тиіс.";

4) мынадай мазмұндағы 2-2-тараумен толықтырылсын:

"2-2-тарау. Жеке тұлғаларға арналған лизингті беру ерекшеліктері

24-5-бап. Жеке тұлғаларға арналған лизингті беру шарттары

1. Лизинг шарты бойынша жеке тұлғаларға арналған лизинг нысанасын беру мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1) лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға лизинг нысанасын тіркеп-белгіленген бағамен сатып алуға құқық беру лизинг шартында айқындалған;

2) лизинг мерзімі сексен төрт айдан аспайды;

3) айыппұлдар және (немесе) өсімпұлдар мөлшері мерзімі өткен берешек сомасының он пайызынан аспайды.

Лизинг шарты бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің және осы бапта көзделмеген өзге де төлемдердің мөлшері өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

24-6-бап. Жеке тұлғаларға арналған лизингті беретін лизинг берушілерге қойылатын талаптар

Осы Заңның 4-бабының 5-тармағында көрсетілген автокөлік құралдарының лизингін мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) жарғылық және (немесе) меншікті капиталының ең төмен мөлшері кемінде бір жүз миллион теңгені құрайтын;

2) басшысының алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы жоқ, ол банкрот деп танылмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басшы лауазымдарды атқару құқығы шектелмеген заңды тұлға ғана бере алады.";

5) 25-баптың 1-тармағы "қызметіне" деген сөзден кейін ", жеке тұлғаларға арналған лизингті берумен байланысты лизинг қызметін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-7) тармақшамен толықтырылсын:

"4-7) мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерді салу кезінде Қазақстанда шығарылған материалдарды, жабдықты, бұйымдар мен конструкцияларды қолдану бойынша талаптардың сақталуын мониторингтеу жөніндегі комиссиялар құру;"

2) 27-баптың 1-тармағының 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"35) өнеркәсіптік кластерлерді дамытуды жүзеге асырады;"

6. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы автомобиль жолдарын мемлекеттік басқарудың, мемлекет пен автомобиль жолдарын пайдаланушылардың мүдделері үшін оларды салудың, пайдаланудың және дамытудың реттеушілік, құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін айқындау.

2. Заңның негізгі міндеттері:

1) автомобиль жолдарында көліктік инфрақұрылымды дамыту;

2) бірыңғай техникалық нормалар мен стандарттар негізінде автомобиль жолдарының желісін қалыптастыру;

3) автомобиль жолдарының сақталуы мен дамуын қамтамасыз ету, олардың техникалық жай-күйін жақсарту;

4) жол қызметі саласында перспективалы технологияларды ендіруге, сондай-ақ ұлттық стандарттарды қолдануға жәрдемдесу.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

- 1) автомобиль жолдарының сапасы мен сақталуын арттыру;
- 2) автомобиль жолдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) жол қызметі саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру.";
- 3) 12-баптың 2-тармағында:
- 3), 7), 7-2), 8), 10), 23), 26) және 35) тармақшалар алып тасталсын;

43) тармақшадағы "ұйымдастыру жатады." деген сөздер "ұйымдастыру;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 44) тармақшамен толықтырылсын:

"44) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;".

7. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) кіріспе алып тасталсын;
- 2) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушылар, тасымалдау процесіне қатысушылар, мемлекеттік органдар, басқа да жеке және заңды тұлғалар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттеу, сондай-ақ теміржол инфрақұрылымының және теміржол көлігін басқару жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

- 1) тасымалдау процесінің үздіксіздігі мен іркіліссіздігін қамтамасыз ету;
- 2) теміржол көлігінде жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу;

3) теміржол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

4) теміржол көлігінің магистральдық теміржол желісін және жылжымалы құрамын дамыту;

5) теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

6) теміржол көлігімен теміржол тасымалын, оның ішінде транзиттік және халықаралық тасымалдарды дамыту;

7) теміржол көлігін жұмылдыру дайындығында ұстап тұру.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) Қазақстан Республикасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістігін сақтау және нығайту;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай көлік жүйесінің жұмыс істеуінің келісімділігі;

3) теміржол көлігі инфрақұрылымының тұтастығын және іркіліссіз жұмыс істеуін сақтау;

4) теміржол көлігінде кәсіпкерлікті дамыту және оған инвестициялар тарту үшін жағдай жасау;

5) адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін теміржол көлігінің және оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) көлік нарығының барлық субъектісінің теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтерін ұсынуға және алуға қол жеткізуі;

7) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау.";

3) 3-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Теміржол тасымалдарын, оның ішінде халықаралық тасымалдарды жоспарлау, ұйымдастыру және орындау теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне тең қолжетімділік қамтамасыз етіле отырып және шектеулерге жол берілмей, бәсекелестік негізінде жүзеге асырылады.";

4) 14-баптың 2-тармағында:

6), 9), 12), 13), 14), 18), 26), 28), 29), 34-3), 34-4), 34-9), 34-24) және 34-31) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 34-45) тармақшамен толықтырылсын:

"34-45) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;"

35) тармақшадағы "орындау" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 24-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

6) 30-баптың 2-1-тармағының бірінші бөлігіндегі "және оның аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздер алып тасталсын;

7) 32-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

8) 66-1-баптың 6-тармағы "жөнелтілгеннен кейін" деген сөздерден кейін "және оны қалыптастыру пункттерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 88-7-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері," деген сөздер алып тасталсын.

8. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – мемлекеттік басқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және халықаралық негіздерін, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы мемлекеттік реттеуді іске асыру тетіктерін айқындау.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

- 1) теңізде жүзу қауіпсіздігін және теңіз ортасын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау кезінде, сондай-ақ кемелерді сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттарында пайдалану кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу;
- 3) теңіз порттарына, теңіз терминалдарына қатысты мәселелер бойынша қоғамдық қатынастарды реттеу;
- 4) теңіз порттарында және теңіз көлігінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету;
- 5) Каспий теңізінде жүзетін шағын көлемді кемелерді пайдалану кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу;
- 6) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

- 1) кеме қатынасы қауіпсіздігінің, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты қорғаудың және экологиялық қауіпсіздіктің басымдығы;
- 2) ішкі су көлігінде жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;
- 3) көрсетілетін қызметтерді тұтынушының тасымалдаушыны таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге баға еркіндігін қамтамасыз ету.";

3) 4-баптың 3-тармағында:

12) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

19) тармақшадағы "уәкілетті орган бекіткен Қағидаларға сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

26), 40-1), 41), 42), 43), 46), 54), 55-6), 55-10), 55-16), 55-24) және 55-45) тармақшалар алып тасталсын;

4) 8-3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кемелер, порттар, жағалау объектілері мен сауда мақсатында теңізде жүзу процесімен байланысты теңіздегі құрылысжайлар қауіптілігі жоғары аймақтар болып саналады және Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.";

2-тармақтағы "құрылыстарды", "сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері" деген сөздер тиісінше "құрылысжайларды", "Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-4-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Навигациялық орталықпен радиобайланыс орнату кезінде кеме Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және олардың кіреберістерінде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидаларында көзделген мәліметтерді хабарлайды.";

9-тармақ "заңнамасына" деген сөзден кейін "және теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларына" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 44-1-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері," деген сөздер алып тасталсын;

7) 79-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "осы Заңның 81-бабы 1-тармағының 3) – 8) тармақшаларында көрсетілген" деген сөздер "жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларында көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 81-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Коносаментке жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларында көзделген деректер енгізілуге тиіс.";

9) 110-баптағы "Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен Тасымалдау" деген сөздер "Жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидааттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары – мемлекеттік басқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін айқындау, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) экономиканың және халықтың автомобиль тасымалдарына және өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекет мүдделерін қорғау;

3) халықаралық автомобиль тасымалдары нарығында отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігі үшін жағдай жасау;

4) автомобиль тасымалдарының ішкі нарығын қорғау;

5) автомобиль көлігінің инфрақұрылымын дамыту;

6) автомобиль көлігі саласында өзін-өзі реттеуді дамыту.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;

3) автомобиль көлігі саласындағы қауіпсіздік, техникалық талаптар мен пайдалану талаптарының сақталуы;

4) көлік қатынастарына барлық қатысушының теңдігі;

5) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.";

3) 11-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасындағы "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-бапта:

1-1), 6), 9), 12), 17-1), 17-2), 23-1), 23-3), 23-13) және 23-21) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23-23) тармақшамен толықтырылсын:

"23-23) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;"

5) 15-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6) 41-1-баптағы "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – кеме қатынасын жүзеге асыру, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау, шағын көлемді кемелерді, оның ішінде ішкі су жолдары мен теңіз суларына жатпайтын су айдындарында пайдалану кезінде ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етумен және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу;

2) ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету ;

3) порттар мен айлақтарға, ішкі су жолдары мен кеме қатынайтын гидротехникалық құрылысжайларға (шлюздерге) қатысты мәселелер бойынша қоғамдық қатынастарды реттеу;

4) барлық мемлекеттік органның өзара іс-қимылын және қызметін үйлестіруді көздейтін ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) кеме қатынасы қауіпсіздігінің, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты қорғаудың және экологиялық қауіпсіздіктің басымдығы;

2) ішкі су көлігінде жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

3) көрсетілетін қызметтерді тұтынушының тасымалдаушыны таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге баға еркіндігін қамтамасыз ету.";

3) 7-баптың 3-тармағының төртінші бөлігіндегі "уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-1-бапта:

1-тармақтағы "аумақтық бөлімшелердің" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

10-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың 3) тармақшасында:

"аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

5) 9-бапта:

тақырыптағы "және оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта:

4), 4-1) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

11-1) тармақшадағы "уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

16) тармақша алып тасталсын;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі су көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

26-8), 26-10), 26-13), 26-14), 26-18), 26-25) және 26-27) тармақшалар алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 26-34), 26-35), 26-36), 26-37), 26-38), 26-39), 26-40), 26-41), 26-42), 26-43), 26-44) және 26-45) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-34) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілері мен ішкі су жолдарында орналасқан құрылысжайларды қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келуіне қарап тексеруді жүргізу;

26-35) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті кеме құжаттарын беру;

26-36) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстау;

26-37) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оған тыйым салу;

26-38) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы қатысушысы болып саналатын халықаралық шарттар талаптарының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

26-39) ішкі су жолдарының жай-күйін қадағалау;

26-40) ішкі су жолдарымен кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шараларды жүзеге асыру;

26-41) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын мемлекеттік бақылау және қадағалау;

26-42) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиісті кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру;

26-43) кемелердің командалық құрамының адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиісті кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес жүргізілетін аттестаттау;

26-44) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар шығару;

26-45) уәкілетті органды көлік оқиғасы туралы құлақтандыру, кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу үшін қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жинау;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аумақтық бөлімшелері бар ведомство өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.";

6) 15-бапта:

4-1-тармақтың екінші бөлігіндегі "аумақтық бөлімшемен" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "аумақтық бөлімшелерді" деген сөздер "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Аумақтық бөлімшелер" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-баптың бірінші абзацындағы "аумақтық бөлімшелер" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 17-1-бапта:

тақырыптағы "Аумақтық бөлімшелердің" деген сөздер "Уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

1) тармақшадағы "осы Заңның 23-бабында көрсетілген" деген сөздер "уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы "аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің" деген сөздер "уәкілетті орган жұмыскерлерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақта:

1) тармақшадағы "осы Заңның 23-бабында көрсетілген" деген сөздер "уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "аумақтық бөлімшелер қызметкерлері" деген сөздер "уәкілетті орган жұмыскерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші және үшінші бөліктердегі "аумақтық бөлімшенің қызметкері" деген сөздер "уәкілетті органның жұмыскері" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "аумақтық бөлімшеде" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "аумақтық бөлімшенің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "аумақтық бөлімшеде" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөліктегі "аумақтық бөлімше қызметкерлері" деген сөздер "уәкілетті орган жұмыскерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 20-баптың 7-тармағының бірінші абзацындағы "аумақтық бөлімшеге" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 21-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шешім қабылдауға құқылы, ол туралы мұндай шектеудің қолданылу мерзімдері жөнінде шешім қабылдайтын уәкілетті органға дереу хабарлайды" деген сөздер "және мұндай шектеудің қолданылу мерзімдері туралы шешім қабылдауға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Аумақтық бөлімше" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 22-баптың 3-тармағындағы "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 23-бапта:

1 және 1-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кемеде тізбесін, берілуі мен жүргізілуі тәртібін уәкілетті орган айқындайтын кеме құжаттары болуға тиіс.

1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су айдындарында пайдаланылатын мемлекеттік тіркелуге тиісті шағын көлемді кемеде тізбесін, берілуі мен жүргізілуі тәртібін уәкілетті орган айқындайтын құжаттар болуға тиіс.";

2-тармақтағы "кемеге меншік құқығы туралы куәлікті" деген сөздер "кеме куәлігін (кемеге меншік құқығы туралы куәлікті)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "осы баптың 1 және 1-1-тармақтарында" деген сөздер "ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру мен жүргізудің тиісті қағидаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 24-баптың 7-тармағындағы "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 25-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақта:

бірінші бөліктегі "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 26-баптың 7-тармағындағы "Аумақтық бөлімше" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті өтініштер нысандары, құжаттардың тізбесі уәкілетті орган бекітетін кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында белгіленеді.";

17) 29-баптың 2-тармағындағы "аумақтық бөлімшеге" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 31-баптағы "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 32-1-баптың 1-тармағындағы "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 32-2-баптың 1-тармағындағы "аумақтық бөлімше" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тіркеп сүйретілетін объектілерді тіркеп сүйреу (бұдан әрі – тіркеп сүйреу) тіркеп сүйреу шартына және уәкілетті орган бекітетін кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады."

11. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

22) тармақшадағы "ұшуға жарамдылығының нормаларына" деген сөздер "тиісті ұшуға жарамдылық нормаларында көзделген конструкциялауға қойылатын талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 29-3) тармақшамен толықтырылсын:

"29-3) әзірлеуші мемлекет – әуе кемесі типінің, ұшуды қашықтан басқару пунктінің, қозғалтқыштың немесе әуе бұрандасының конструкциясына жауапты ұйымға қатысты юрисдикциясы бар мемлекет;"

67-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"67-2) техникалық қызмет көрсету – бақылау-қалпына келтіру жұмыстарын, бөлек те, біріктіріп те орындалатын тексеруді, ауыстыруды, ақауларды жоюды қоса алғанда, әуе кемесінің, қозғалтқыштың, әуе бұрандасының немесе компонентінің ұшуға жарамдылығын ұстап тұру үшін қажетті, әуе кемесінде, ұшуды қашықтан басқару пунктінде, қозғалтқышта, әуе бұрандасында немесе компонентіне жұмыстар жүргізу, сондай-ақ модификациялауды немесе жөндеуді іс жүзінде жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 67-3) тармақшамен толықтырылсын:

"67-3) тип сертификаты – әуе кемесі типінің, ұшуды қашықтан басқару пунктінің, қозғалтқыштың немесе әуе бұрандасының конструкциясын айқындау және осы конструкцияның шет мемлекеттің ұшуға жарамдылық нормаларына сай екенін растау үшін әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе әзірлеуші шет мемлекеттің авиациялық билігі берген құжат;"

75) тармақша алып тасталсын;

76), 76-1) және 76-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"76) ұшуға жарамдылық жөніндегі директива – жай-күйі қауіпсіз болып саналмайтын не осындай жай-күй нақ сол типтік конструкцияның басқа бұйымдарында орын алуы немесе дамуы мүмкін авиациялық бұйымдарды айқындайтын және көрсетілген бұйымдарды одан әрі пайдалануға рұқсат етілетін, орындау үшін міндетті түзету іс-қимылдары, талаптар немесе шектеулер ұйғарылатын құжат;

76-1) ұшуға жарамдылық нормалары – әуе кемелерінің, ұшуды қашықтан басқару пункттерінің, қозғалтқыштардың немесе әуе бұрандаларының қаралатын сыныбы үшін Қазақстан Республикасында белгіленген, қабылданған немесе танылған нормалар;

76-2) ұшуға жарамдылықты ұстап тұру – әуе кемесінің, ұшуды қашықтан басқару пунктінің, қозғалтқыштың, әуе бұрандасының немесе компонентінің ұшуға жарамдылыққа қойылатын қолданыстағы талаптарға сәйкестігін және олардың қызмет ету мерзімі ішінде қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес келетін жай-күйде ұсталуын қамтамасыз ететін процестер жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 76-3) және 76-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"76-3) ұшуға шектеу қойылған аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының үстіндегі белгіленген мөлшердегі әуе кеңістігі, оның шегінде әуе кемелерінің ұшуына белгілі бір шарттармен шектеу қойылады;

76-4) ұшуды орындауға жарамдылық – әуе кемесінің, ұшуды қашықтан басқару пунктінің, қозғалтқыштың, әуе бұрандасының немесе компонентінің олардың бекітілген конструкциясына және оларды қауіпсіз пайдалану талаптарына сәйкес келетін жай-күйі;"

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – азаматтар мен экономиканың әуе тасымалдарына, авиациялық жұмыстарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың оны қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету, адамдардың өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүдделеріне қатер төндірмей ұшуды орындау;

2) әуе кеңістігін пайдалануға және ұшуды орындауға байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу;

3) Қазақстан Республикасы экономикасының және азаматтардың авиациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің мүдделерін қорғау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

- 1) ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік;
 - 2) заңдылық;
 - 3) авиациялық көрсетілетін қызметтерге және қызметке тең қолжетімділік;
 - 4) әуе көлігі инфрақұрылымының тұтастығын және іркіліссіз жұмыс істеуін сақтау;
 - 5) азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігі.";
- 3) 4-бапта:

3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік және азаматтық әуе кемелері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған уақытта оларға қолданылады." деген сөздер "Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде болған уақытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелеріне;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде болған уақытта Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне қолданылады.";

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, азаматтық және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын:

"12-3-бап. Азаматтық авиация саласындағы уақытша босатулар (ерекшеліктер, ауытқулар)

1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан уақытша босатуларды (ерекшеліктерді, ауытқуларды), егер мұндай босатулар (ерекшеліктер, ауытқулар) белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейіне баламалы дейгейді қамтамасыз ететін қосымша және (немесе) баламалы шаралар енгізіліп өтелетін болса, пайдаланушыларға, азаматтық авиация ұйымдарына, сондай-ақ авиация персоналына ұсынады.

Уақытша босатулар (ерекшеліктер, ауытқулар) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын жағдайларда және тәртіппен ұсынылады.

2. Уақытша босатуларды (ерекшеліктерді, ауытқуларды) ұсыну азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүргізетін ілеспе тәуекелдерді талдауға негізделуге тиіс.

Ілеспе тәуекелдерді талдау пайдаланушылар, азаматтық авиация ұйымдары және авиация персоналы ұсынатын, белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейіне баламалы деңгейге қол жеткізу мүмкіндігін көрсетуге тиіс тәуекелдерді бағалау негізінде жүргізіледі.

3. Пайдаланушыларға, азаматтық авиация ұйымдарына, сондай-ақ авиация персоналына ұсынылған уақытша босатулар (ерекшеліктер, ауытқулар) туралы ақпарат азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады. Көрсетілген ақпаратта нақты жағдайға байланысты уақытша шектеулер және (немесе) жеңілдететін шаралар туралы деректерді қоса алғанда, уақытша босатуларды (ерекшеліктерді, ауытқуларды) ұсыну талаптары және осындай босатулардың (ерекшеліктердің, ауытқулардың) қолданылу мерзімі қамтылуға тиіс.";

6) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 41-79) және 41-80) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-79) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

41-80) авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларын бекітеді;" ;

7) 15-2-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

8) 16-5-баптың 9-тармағында:

бірінші абзацтағы "Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына" деген сөздер "Әуе кемесінің ұшуды орындауға жарамдылығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына" деген сөздер "әуе кемесінің ұшуды орындауға жарамдылығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 16-6-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінде:

"инспекторлары", "әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету" деген сөздер тиісінше "инспекторларын", "оларға техникалық қызмет көрсету, олардың ұшуға жарамдылығын ұстап тұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тағайындалады" деген сөз "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысы тағайындайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 5) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы талаптарына" деген сөздер "ұшуға жарамдылық нормаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Авиация инспекторлары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бірінші басшысы бекіткен ішкі рәсімдерге сәйкес өздеріне жүктелген міндеттерді орындау бойынша жұмысқа кіріседі.";

10) 16-9-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап тексеру қағидаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен медициналық сертификатты тоқтата тұрады, кері қайтарып алады;"

18) тармақшадағы "ұшуға жарамдылығы" деген сөздер "ұшуды орындауға жарамдылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 35-1-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын;

12) 43-бапта:

4-тармақтағы "ұшуға жарамдылығына" деген сөздер "ұшуды орындауға жарамдылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Шет мемлекет, әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйым" деген сөздер "Әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын әзірлеуші шет мемлекеттің авиациялық билігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 45-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына және ұшуға жарамдылықты айқындайтын пайдалану-техникалық құжаттаманың талаптарына" деген сөздер "ұшуға жарамдылық нормаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақтағы "талаптарына" деген сөз "нормаларына" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 47-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "ұшуға жарамдылықтың қолданыстағы сертификаты" деген сөздер "нақты ұшуға жарамдылық сертификаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) азаматтық әуе кемесінің тиісті ұшуға жарамдылық нормаларында көзделген конструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігі негізінде;"

7-тармақтағы "ұшуға жарамдылығының жай-күйі" деген сөздер "ұшуды орындауға жарамдылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әуе кемесінің ұшуды орындауға жарамдылығын тексеру;"

15) 48-баптың 3-тармағында:

"сәйкестендіру" деген сөзден кейін "және ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

"агрегаттарды" деген сөз "компоненттерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 54-баптың 6-1-тармағының 1) тармақшасындағы "әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына" деген сөздер "әуе кемесінің ұшуды орындауға жарамдылығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 54-1-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші сөйлемде:

"сертификаттаған" деген сөз "тағайындаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сарапшылар" деген сөзден кейін "авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Медициналық сертификатты авиациялық медициналық сарапшы Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап тексеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен береді.";

3-тармақтың үшінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "өту кезінде" деген сөздер ", медициналық қарап тексеруден өту кезінде және медициналық куәландыру арасындағы кезеңде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "авиация персоналы куәлігін" деген сөздер "медициналық сертификатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 66-баптың 10-тармағы алып тасталсын;

19) 81-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде:

"қарауды" деген сөзден кейін "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

"жиырма" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын.

12. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың бірінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің көшірмесін және оны беруге негіз болатын құжаттарды тауардың шығу тегі туралы сараптама актісі берілген күннен бастап кемінде үш жыл сақтайды;"

11) тармақшадағы "тауардың шығарылған елін айқындау бойынша сараптаманы қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) тауардың шығарылған елін айқындау бойынша сараптаманы жүзеге асырады;"

13. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-қосымшаның 33-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"33-1. Тазартылған бағалы металдарды, бағалы металдарды, асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама".

14. "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақшадағы "немесе бейінді емес", "және (немесе) бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның", "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) өндірістік алаң – арнайы экономикалық аймақтың немесе индустриялық аймақтың бірыңғай технологиялық процесті жүзеге асыруға арналған объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) орналасқан аумағы;"

17) тармақшадағы "немесе бейінді емес," деген сөздер алып тасталсын;

2) 11-бапта:

5) тармақшаның оныншы абзацы алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

3) 14-бапта:

13) тармақшада:

", бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын" деген сөздер алып тасталсын;

"мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ мониторингтің деректерін талдау" деген сөздер "мониторингті, сондай-ақ мониторинг деректерін талдауды жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-1) тармақшада:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғамен" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

4) 17-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімі арнайы экономикалық аймақты құру мерзімінен аспайтын мерзімге мына шарттардың біреуімен ұзартылуы мүмкін:

арнайы экономикалық аймақ аумағының жалпы алаңының жиырма пайызынан астам игерілмеген аумақтың болуы;

әлеуетті инвесторлардың болуы.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімі ұзартылған кезде басқарушы компанияның қызметті жүзеге асыру мерзімі тиісті арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзіміне сақталады.";

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "және бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасындағы ", бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт негізінде бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

"және бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

"елу" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте:

"Бұл ретте арнайы" деген сөздер "Арнайы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларына өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобаларды іске асыру үшін берілген, өндірістік алаңға кірмейтін аумақтың алаңы өндірістік алаңның отыз пайызынан аспауға тиіс.";

бесінші бөлікте:

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға" деген сөздер алып тасталсын;

"тиісті шарт" деген сөздер "қызметті жүзеге асыру туралы шарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздер тасталсын;

"немесе тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

жетінші бөліктегі "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың үшінші бөлігіндегі "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың екінші және төртінші бөліктеріндегі "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

9-тармақта:

бірінші абзацтағы "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақша алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалардағы "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

5) 18-бапта:

тақырыптағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа" деген сөздер алып тасталсын;

"оларды" деген сөз "оны" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 462-бабының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 536-бабының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

екінші және үшінші бөліктер алып тасталсын;

4-тармақта:

бірінші абзацтағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

2) тармақшаның тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушылары жобаларды іріктеудің мынадай өлшемшарттарының біріне сәйкес келуге:

өндірісі Қазақстан Республикасының аумағында жоқ өнім өндіруді жүзеге асыруға;

өндірісі Қазақстан Республикасының аумағында қажеттілікті жаппайтын өнім өндіруді жүзеге асыруға тиіс.

Осы тармақтың 2-бөлігінде көрсетілген өлшемшарттар өңдеу өнеркәсібі саласындағы қызметті жүзеге асыратын әлеуетті қатысушыларға қатысты қолданылады .";

7-тармақта:

"қызмет түрлеріне," деген сөздерден кейін "осы баптың 6-тармағында көзделген" деген сөздермен толықтырылсын;

"3 немесе 4-тармақтарында" деген сөздер "3 және 4-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақтағы "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты" деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақта:

"осы баптың 7 және 8-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып," деген сөздер "осы баптың 6-тармағында көзделген талаптарға өтініштер сәйкес келген жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қызметті жүзеге асыру туралы шартта мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

іс-шаралар мен орындау мерзімдері ескерілген жобаны іске асырудың жоспар-графикі;

жобаның өндірістік және жоспарлы қуаттары;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәліметтер.

Бұл ретте өңдеу өнеркәсібі саласындағы қызметті жүзеге асыратын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысымен жасалатын қызметті жүзеге асыру туралы шартта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақ қатысушысының қарсы міндеттемесі қамтылуға тиіс.";

11-тармақтағы "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт" деген сөздер алып тасталсын;

12-тармақта:

бірінші бөліктегі "немесе куәлік бермей бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізеді" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктегі "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне" деген сөздер алып тасталсын;

15-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы және 2) тармақшадағы "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте:

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың" деген сөздер алып тасталсын;

"тиісті шарт" деген сөздер "қызметті жүзеге асыру туралы шарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

17-тармақта:

бірінші бөлікте:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

екінші бөлікте:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

үшінші бөліктегі "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

6) 20-бапта:

тақырыптағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе тұлғамен" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе тұлғаға" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзацта:

"немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

1) тармақшада:

"немесе тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

"алты" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "немесе тұлғаның" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "немесе тұлға", "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтағы "немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт" деген сөздер алып тасталсын;

7) 24-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

8) 25-баптың 1-тармағында:

"аумағында" деген сөзден кейін "қызметті" деген сөзбен толықтырылсын;

"басым және (немесе) бейінді емес қызмет түрлерін" деген сөздер алып тасталсын;

9) 37-бапта:

1) тармақшада:

", бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен" деген сөздер алып тасталсын;

"қатысушылар мен тұлғаларды" деген сөздер "қатысушыларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

8) тармақшадағы "және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақшаның тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының қызметін ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;"

10) 39-бапта:

2) тармақшадағы "немесе бейінді емес" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жобалау-сметалық құжаттамада бекітілген шарттар бұзылған жағдайда, жобаны, оның ішінде жер учаскелерінің жобасын сәйкестікке келтіру;"

4) тармақшадағы "және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақшадағы "және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларды" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы "және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар" деген сөздер алып тасталсын;

19) тармақшадағы "немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

21) тармақшадағы "және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға" деген сөздер алып тасталсын;

11) 41-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жобаны іске асырудың жоспар-графикіне жобаны іске асыру барысында үш реттен асырмай, мерзімдеріне өзгерістер енгізу жоспарланатын кезеңнің алдындағы жобаны іске асыру кезеңдері болған кезде осындай кезеңдерде жоспар-графикте көрсетілген міндеттемелер орындалған жағдайда, арнайы экономикалық аймақты құру туралы тиісті актіде айқындалған осы аймақтың жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге өзгерістер енгізуге;"

12) 41-1-бап алып тасталсын;

13) 42-бапта:

тақырыптағы және бірінші абзацтағы "және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

"және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты" деген сөздер алып тасталсын;

"және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзацтағы "және бейінді емес қызметті жүзеге асыратын тұлғалар" деген сөздер алып тасталып, "осы Заңға сәйкес жүргізеді." деген сөздер "осы Заңға сәйкес;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"бірыңғай үйлестіру орталығы басқарушы компаниядан немесе арнайы экономикалық аймақтың қатысушысынан талаптардың орындалу мәртебесін айқындау үшін қажетті қосымша ақпаратты сұрату арқылы не арнайы экономикалық аймақ қатысушысының қызметті жүзеге асыру туралы жасалған шарт бойынша міндеттемені бұзғаны анықталған жағдайда арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы есептілік нысанында ұсынатын ақпараттың, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы анықтаған бұзушылықтардың жойылмағаны туралы арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының хабарламасы негізінде жүргізеді."

;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

14) 45-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) уәкілетті органмен міндетті түрде келісе отырып, индустриялық аймақтарды салалық жоспарлау;"

15) 46-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жобаны іске асырудың жоспар-графикіне жобаны іске асыру барысында үш реттен асырмай, мерзімдеріне өзгерістер енгізу жоспарланатын кезеңнің алдындағы жобаны іске асыру кезеңдері болған кезде осындай кезеңдерде жоспар-графикте көрсетілген міндеттемелер орындалған жағдайда, индустриялық аймақты құру туралы тиісті актіде айқындалған осы аймақтың жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге өзгерістер енгізуге;"

16) 47-бап:

үшінші абзацтағы "осы Заңға сәйкес жүргізеді." деген сөздер "осы Заңға сәйкес;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"бірыңғай үйлестіру орталығы басқарушы компаниядан немесе индустриялық аймақтың қатысушысынан талаптардың орындалу мәртебесін айқындау үшін қажетті қосымша ақпаратты сұрату арқылы не индустриялық аймақ қатысушысының қызметті жүзеге асыру туралы жасалған шарт бойынша міндеттемені бұзғаны анықталған жағдайда индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы есептілік нысанында ұсынатын ақпараттың, сондай-ақ индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы анықтаған бұзушылықтардың жойылмағаны туралы индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының хабарламасы негізінде жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте индустриялық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

;

17) 58-бапта:

5-тармақтағы "осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін арнайы экономикалық аймақты құру туралы тиісті актіде айқындалған осы аймақтың" деген сөздер "арнайы экономикалық аймақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы Заңның 58-бабының 6-тармағында көзделген ережелер қолданысқа енгізілгенге дейін бес жыл ішінде шарттар жасасқан арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары қызметті жүзеге асыру туралы шартты осы Заңның 51-баптың 2-тармағына сәйкес салықтық преференцияларды қолдану санаттарына сай жобаны іске асыру мерзімінен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы."

15. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) өнеркәсіптік кластер – өндірушілерді, өнім берушілерді, ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын және белгілі бір салалық мамандануы бар басқа да ұйымдарды қамтитын өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын ұйымдар тобы;"

23-1) тармақшадағы "жүзеге асырылатын" деген сөздер "мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 3-1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 9-бапта:

б) тармақша алып тасталсын;

16), 17), 18) және 20) тармақшалардағы "аумақтық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

39) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-3), 41-4) және 41-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-3) елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын және олардың үлгілік нысанын әзірлеу, келісу, бекіту, іске асыру және мониторингтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

41-4) өндірістік қуаттар теңгерімін бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

41-5) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін беру және оның қолданысының күшін жою бойынша сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

4) 13-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"өндірістік қуаттар теңгерімін бағалауды қалыптастыру;"

4) тармақшадағы "аумақтық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 17-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) өнеркәсіптік кластерлер;"

6) 23-бапта:

тақырыптағы "Аумақтық" деген сөз "Өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

1, 2, 3 және 4-тармақтардағы "Аумақтық", "аумақтық" деген сөздер тиісінше "Өнеркәсіптік", "өнеркәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Мемлекет жүйе құраушы кәсіпорындардың айналасында қалыптасатын өнеркәсіптік кластерлерді құру мен дамытуды қолдауды жүзеге асырады.

6. Жүйе құраушы кәсіпорындарды және олармен байланысты шикізатты, материалдарды, құрамдастарды, жартылай фабрикаттарды, жабдықты өндірушілер мен көрсетілетін қызметтерді ұсынушыларды қоса алғанда, жүйе құраушы кәсіпорындардың айналасындағы өнеркәсіптік кластерлерге қатысушыларға осы Заңға

және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.

7. Жүйе құраушы кәсіпорындардың айналасындағы өнеркәсіптік кластерлерді мемлекеттік қолдау шараларының тізбесін, оларды ұсыну шарттары мен тәртібін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

7) 25-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне өндірістік қуаттар теңгерімін бағалау ескеріле отырып ұсынылады.

Өндірістік қуаттар теңгерімін бағалауды өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган өндірістік қуаттар теңгерімін бағалау әдістемесіне сәйкес қалыптастырады.";

8) 27-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"елішілік құндылықты дамыту;

өндірістің технологиялық процесінің күрделілігін арттыру;

өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың объектілерін салу кезеңінде Қазақстанда шығарылған тауарларды қолдану;

өндірілетін өнімде отандық шикізатты және (немесе) материалдарды пайдалану.";

9) 29-баптың 11) тармақшасындағы "аумақтық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 37-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының резиденті екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

11) 39-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының резиденті екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 40-бапта:

тақырып пен 1 және 2-тармақтардағы "Аумақтық", "аумақтық" деген сөздер тиісінше "Өнеркәсіптік", "өнеркәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"аумақтық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының резиденті екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 42-1-бапта:

1-тармақтағы "моторлы көлік құралдарын" деген сөздер "көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын және (немесе) оның құрамдастарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

үшінші бөліктің 3) тармақшасындағы "моторлы көлік құралдарын" деген сөздер "көлік құралдарын және (немесе) олардың құрамдастарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын және (немесе) оның құрамдастарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лизингтік компания арнаулы инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына арналған қаржы лизингі шарты негізінде арнаулы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде жеткізілетін технологиялық жабдықтың импорты кезінде кедендік баж салығынан босатылады.";

14) 42-2-бапта:

3-тармақтағы "уәкілетті орган арнаулы" деген сөздер "уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдарды тарта отырып, арнаулы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

15) 51-3-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген электр, жылу және өзге де энергия түрлері.";

3-тармақ "мәліметтерді" деген сөзден кейін ", сондай-ақ электр, жылу және өзге де энергия түрлерін өндірушілер туралы мәліметтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 51-4-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстандық тауар өндірушіге қатысты басқа қазақстандық тауар өндірушілерден тізілімде болу талаптарына сәйкессіздігі туралы шағымдар келіп түскен кезде салалық мемлекеттік органдар осы Заңның 51-1-бабының 5-тармағында көзделген тәртіппен шығу инспекциясын жүзеге асыру арқылы тізілімге мониторинг жүргізуі мүмкін. Шығу инспекциясының қорытындысы бойынша тізілімде болу талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы іс жүргізуді бағалау актісі жасалады.";

17) 51-6-баптың бірінші бөлігі 3) тармақшасындағы "өтініші негізінде жүзеге асырады." деген сөздер "өтініші;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңның 51-4-бабының 1-1-тармағына сәйкес жасалған, тізілімде болу талаптарына сәйкессіздігі туралы іс жүргізуді бағалау актісі негізінде жүзеге асырады."

;

18) мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:

"60-1-бап. Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын қайталама ресурстармен қамтамасыз ету

1. Мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын қайталама ресурстар ретінде түсті және қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

2. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес рұқсат негізінде жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы заңды тұлғалардың өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізуі кезіндегі қызметіне қолданылмайды. Аталған заңды тұлғалар түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған заңды тұлғаларға өткізеді.

3. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар:

1) қабылдау пункттерін тұрғын аймақтардың және жеке қоғамдық ғимараттардың шекараларынан қауіпсіз (кемінде тоғыз метр) қашықтықта орналастыруға;

2) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізу мақсатында тек заңды тұлғаның немесе оның филиалдарының өндірістік базасының аумағынан тиеп жөнелтуге;

3) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатып алу-сату шарты және (немесе) қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдау туралы жүкқұжат негізінде қабылдауға;

4) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізуді жүзеге асыратын тұлғаларға Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен ақы төлеуге тиіс.

4. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды, шаруа немесе фермер қожалықтарын қоспағанда, жай серіктестіктен немесе жеке тұлғалардан рельстерді, теміржол төсемінің және жылжымалы құрамның элементтерін, кәріз құдықтарының қақпақтарын қабылдауға тыйым салынады.";

19) 61-1-бапта:

2-тармақтың бесінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "жасасу" деген сөз "жасасу және орындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "іс-қимылдары," деген сөзден кейін "оларды орындау бойынша индикаторлар," деген сөздермен толықтырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 64-1-баппен толықтырылсын:

"64-1-бап. Көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім

Моторлы көлік құралдарына арналған шанақтардың СЭҚ ТН коды бойынша көлік құралдарына және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасына құрамдастарды өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен осы Заңның 9-бабының 24) тармақшасында көзделген осындай келісімдерді жасасу қағидалары мен талаптарына сәйкес мынадай талаптар орындалған кезде жасалады:

1) өнеркәсіптік құрастыруды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын лизингтік активтерді қоса алғанда, кәсіпорынның немесе лизингтік компанияның балансында республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бір миллион еселенген мөлшеріндегі сомаға өндірістік активтердің болуы;

2) дайын көлік құралын жасап шығару кезінде Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы жасалған келісімдер шеңберінде жасап шығарылған көлік құралдарының шассийн пайдалану."

2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ